

*Академияның Ғылыми кеңесінің
2024 жылғы «20» наурыздағы
№14 хаттамасымен бекітілген*

**«7M04110 – Адами ресурстарды басқару»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04110 – Адами ресурстарды басқару» магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 62

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік басқаруды сервистік-бағдарланған модельге трансформациялаудың негізгі шарты мемлекеттік аппаратта жоғары стандарттарға сай, құзыреттер мен кадрлық әлеуеттің болуы болып табылады.

Білім беру бағдарламасы елдің мемлекеттік аппаратына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып әзірленген және мемлекеттік қызметшілерде адами ресурстарды басқару саласындағы талдамалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және стратегиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және HR-да өз құзыреттерін дамытуға және тереңдетуге ұмтылатындарға арналған.

Осы мақсатта бағдарлама шартты түрде екі деңгейге бөлінеді: стратегиялық және тактикалық (операциялық), бұл білім алушыларды жаһандық экономикалық қоғамдастықтың қатысушысы ретінде де, ұйым деңгейінде де, мемлекет деңгейінде адами ресурстарды жоспарлау және басқару туралы біліммен қамтамасыз етуді талап етеді.

Білім беру бағдарламасы аясында білім алушылар еңбек ресурстарын және еңбек қатынастарын мемлекеттік реттеу мәселелерін, қызметкерлерді дамыту және ынталандыру құралы ретінде кәсіби құзыреттерді басқарудағы заманауи тәсілдерді, HR-талдау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау тұжырымдамаларын, мемлекеттік қызметте талант-менеджмент жүйесін енгізуді және т.б. зерделейтін болады.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: адами ресурстарды басқару саласында жаңа тәсілдер мен дағдыларды меңгерген өзгерістер көшбасшыларын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- адами ресурстарды стратегиялық басқару дағдыларын қалыптастыру;
- белгісіздік пен тәуекелдерді ескере отырып, басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту;
- құзыреттілігі жоғары кандидаттарды таңдау және жалдау әдістерін қолдану, қызметкерлерді бейімдеу және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын дамыту;
- еңбекті тиімді ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
- ұйымдастыру мәдениетін дамыту дағдыларын қалыптастыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;

- елдің мемлекеттік қызметін дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;
- жетекші лектор-практиктерді, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара іс-қимыл, өзара оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, жанжалдарды ортақ іс үшін пайдалы шешуді біледі, сонымен бірге өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізеді және әріптестерінің пікірін ескереді, топтың/команданың мүдделі тараптармен тиімді жұмысын жүргізе алады.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет, әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда ұстамды болып, шешімдерді іздестіріп, таба алады.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.

Дербестілік және шешім қабылдай білу – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

Ынтымақтастық – қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

Өзін-өзі дамыту – перспективалы қызметкерлерді анықтай біліп, оларды ілгерілету бойынша ұсыныстар енгізеді, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдайды, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысты өзі арқылы көрсетеді.

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық контент:

Семестр	Пәндердің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	3
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	3
	Ұйымдық мәдениет және этика	БП	ЖООК	2
	Зерттеу әдістері мен дизайны	ПП	ЖООК	3
	Ресми жазылым және дискурс	ПП	ЖООК	3

	Мемлекеттік басқару жүйесіндегі HR менеджмент	ПП	ЖООК	4
	Еңбек қатынастарының құқықтық негіздері	ПП	ЖООК	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы			21
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)			9
1 - СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				30
2	Адами ресурстарды стратегиялық басқару	ПП	ЖООК	4
	Ұйымдастырушылық дизайн	ПП	ЖООК	3
	HR аналитика	ПП	ЖООК	4
	Таланттарды басқару	ПП	ЖООК	3
	Таңдау бойынша компонент	БП	ТК	4
	Өндірістік тәжірибе			2
	Теориялық оқу бойынша барлығы			20
	Тағылымдама			2
	МЭЗЖ			2
	Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)			8
2- СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				32
Теориялық оқыту бойынша барлығы + тәжірибе				41
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)				8
МЭЗЖ + тағылымдама				13
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ				62